

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 17 қыркүйекте № 24402 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1 бабының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау , оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі*

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2021 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 446 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі арнаулы оқу орны білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі арнаулы оқу орны білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – ТЖМ білім беру ұйымы).

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық қарыз – аралық аттестаттау (сессия) кезеңінде емтихандар тапсыру кезінде қанағаттанарлықсыз баға алу;

2) академиялық үлгермеушілік – жойылмаған академиялық қарыз, кәсіби практика бағдарламасын орындамау, практиканың барлық түрлерін қорғамау, мемлекеттік емтиханды тапсырмау және дипломдық жұмысты, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамау, оларды қорғауға жібермеу, жұмыс оқу жоспарын орындамау және ауыстырудың үлгерім балын жинай алмау.

3) білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу пәнінің, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеу аяқталғаннан кейін меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылардың аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім беру бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеруі;

5) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

6) білім алушыларды қорытынды аттестаттау - олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

7) білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі – білім алушылар білімінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін бөлімше;

8) емтихан сессиясы – ТЖМ білім беру ұйымында білім алушыларды (курсанттар, магистранттар, докторанттар) аралық аттестаттау кезеңі;

9) межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

10) үлгерімнің орташа балы (GradePointAverage – GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

11) транскрипт (Transcript) (транскрипт) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

12) курстық жұмыс – курсант зерттеу жұмысы түрінде орындайтын, теориялық бөлімді – осы мәселе бойынша ғылымда қалыптасқан ұстанымдар мен тәсілдерді баяндауды және талдамалық (практикалық бөлім) – нақты жағдай мысалында проблеманы талдауды қамтитын және міндетті түрде мазмұны (мазмұны), кіріспе, теориялық бөлім(дер), практикалық бөлім(дер), қорытынды, әдебиеттер тізімі және қажет болған жағдайда қосымшалар қамтылған тапсырма.

Курстық жұмыстың көлемі 20 беттен кем және 40 беттен артық болмайды;

13) дипломдық жұмыс (жоба) – курсанттың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

14) дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін курсанттың бітіру жұмысы;

15) магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

16) докторлық диссертация – докторанттың теориялық ережелер әзірленген, жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми проблема шешілген не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмысы.

3. Оқу үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 2 бұйрық) 1-қосымшаға сәйкес Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және № 2 бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі - МЖМБС) сәйкес

білім беру бағдарламаларын алушылардың меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және оларға аралық аттестаттау өткізу тәртібі

4. Білім алушылардың (бұдан әрі – курсанттар) білімін тексеру ТЖМ білім беру ұйымдары айқындайтын ағымдағы, межелік бақылау және аралық аттестаттау арқылы жүзеге асырылады.

5. Оқу тапсырмаларының барлық түрлері бойынша курсанттардың білімі әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бағалардың дәстүрлі шкаласына ауыстыра отырып, бағаланады (бұдан әрі – білімді бағалаудың әріптік балдық-рейтингтік жүйесі).

6. Курсанттардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша өткізіледі, білімін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда бақылауды қамтиды. Ағымдағы бақылау бағасы (рұқсат ету рейтингісі бағасы) аудиториялық сабақтардағы ағымдағы бақылау бағасы мен межелік бақылау (аудиториялардан тыс сабақтарда) бағаларынан жинақталады.

7. Курсанттардың оқу үлгерімін ағымдағы бақылау кезінде курсанттардың әрбір орындаған тапсырмалары (ағымдағы сабақтардағы жауабы, үй тапсырмаларын тапсыру, курсанттардың өзіндік жұмысы, межелік бақылау) 100 балдық шкала бойынша бағаланады және оқу үлгерімін ағымдағы бақылаудың соңғы нәтижесі академиялық кезеңде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық қосындысын ескере отырып есептеледі.

Осындай тәсіл аралық және қорытынды аттестаттау кезеңінде білім алушылардың білімін бағалау кезінде де қолданылады.

8. Қашықтықтан оқытуды пайдаланумен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын курсанттардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу-емтихан сессиясы басталғанға дейін де, сондай-ақ сол кезеңде де жүзеге асырылады, ол академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте, қашықтықтан оқытуды пайдаланумен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын курсантоқу-емтихан сессиясы басталғанға дейін пәннің оқыту бағдарламасына сәйкес бақылау және есептеу-графикалық жұмыстардың, курстық жұмыстардың (жобалардың) барлық түрлерін, сондай-ақ үй тапсырмаларының жекелеген түрлерін, курсанттың өзіндік жұмысын, межелік бақылауды тапсырады.

9. Межелік бақылау ағымдық бақылаудың құрамы болып табылады және бір академиялық кезең ішінде, бір оқу пәні шеңберінде кемінде екі рет өткізіледі. Межелік бақылау нәтижелерін оқытушы оқу журналына межелік бақылау өткізілген күннен кешіктірмей қояды және оқу процесінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленіп, кафедра, факультет (институт) отырыстарында тұрақты қарастырылып отырады.

Межелік бақылау ведомосі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Көлемі бір кредитті құрайтын оқу пәндеріне ерекшелік ретінде алынады, олар бойынша межелік бақылау санын ТЖМ білім беру ұйымы дербес айқындайды.

Білім алушыларға межелік бақылауды өткізу мерзімі туралы ақпарат академиялық кезеңнің бірінші 2 аптасында хабарланады.

10. Әр пән бойынша межелік бақылау өткізу нысаны (сұрау, коллеквиум, тестілеу, есептерді шығару, бақылау тапсырмаларын, сызбаларды, есептерді орындау, практикалық нормативтерді орындау) оқытылатын пәннің екершелігіне байланысты академиялық кезеңнің барысында кафедраның шешімімен анықталады.

11. Күндізгі оқу нысаны мен қашықтықтан оқытуды пайдаланумен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын курсанттар бірдей білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқиды.

12. Магистратура және докторантура білім алушыларының (бұдан әрі – магистранттар мен докторанттар) білімін тексеру ТЖМ білім беру ұйымы айқындайтын ағымдағы, межелік бақылаумен және аттестаттаумен жүзеге асырылады.

13. Білім алушы магистранттар мен докторанттардың үлгерімін ағымдағы бақылау ТЖМ білім беру ұйымындағы курсанттардың үлгеріміне ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

3 тарау. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымындағы білім алушылардың үлгеріміне аралық аттестаттау жүргізу тәртібі
Параграф 1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымындағы білім алушылардың үлгеріміне аралық аттестаттау жүргізу тәртібі

14. ТЖМ білім беру ұйымы курсанттарды аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және МЖБС негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Курсанттарды аралық аттестаттау қорытынды бақылауды (емтихандарды) тапсыру нысанында өткізіледі.

16. Курсанттарды аралық аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесіне жүктеледі.

17. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі курсанттардың академиялық рейтингін құрастырады.

18. Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық оқу бағдарламасы бойынша курсанттардың білімін тексеру түрі болып табылады және академиялық кезеңдегі білімін бағалауды көздейді.

19. Кәсіптік практиканың барлық түрі, курстық жұмыстар (жобалар) бойынша қорытынды бақылау курсанттың көрсетілген оқу жұмысын қорғау түрінде өткізіледі, ол білімін бағалаудың әріптік балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады және ауыстыру балын есептеу кезінде ескеріледі.

20. Емтихан сессиялары қысқы және жазғы болып бөлінеді.

21. Оқудың күндізгі нысаны үшін емтихан сессияларының кезеңділігі мен ұзақтылығы білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары және ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесі бекіткен академиялық күнтізбе бойынша анықталады.

Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланумен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын курсанттар үшін емтихан сессиясын, оның оқу жылындағы саны мен кезеңдерін ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесімен бекітеді.

22. Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі оқудың барлық нысандары үшін емтихандар кестесін тиісті факультеттермен бірлесе отырып жасайды, ТЖМ білім беру ұйымы бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітеді және оқытушылар мен курсанттардың назарына емтихандық сессия басталардан екі апта бұрын жеткізіледі.

23. Емтиханды өткізу үшін осы оқу пәннің бейініне сәйкес біліктілігі бар профессорлық-оқытушы құрамның қатарынан емтихан қабылдаушылар тағайындалады.

24. Емтихан өткізу рәсіміне қатыспайтын адамдардың емтиханға қатысуына ТЖМ білім беру ұйымы бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасарының жазбаша рұқсатынсыз жол берілмейді.

25. Емтихан сессиясын тапсыруға жіберілген курсанттардың тізімін білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

26. Курсанттарды пән бойынша қорытынды бақылауға жіберу, үлгерімнің ағымдағы бақылау нәтижесі бойынша анықталатын рұқсат ету рейтингінің бағасы негізінде жүзеге асырылады. Пән бойынша рұқсат ету рейтингі бойынша оң баға алмаған курсанттар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді және осы аралық аттестаттаудың соңына дейін өткізіп алған сабақтары мен үлгерімнің ағымды бақылаудағы қанағаттанарлықсыз бағалары бойынша қарызын жояды. Қарызын жойған кезде рұқсат беру рейтингінің бағасы қайта есептеледі.

Курстық жұмысты (жобаны) қорғамаған курсанттар тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

Курстық жұмыста белгілі бір бөлімдер болуы керек:

титул парағы;

мазмұны (1-2 парақ);

тақырыпқа кіріспе (мақсаттары мен міндеттері);

негізгі бөлім (негізгі анықтамалармен танысу, тақырып бойынша пайымдау);

практикалық бөлім (зерттеу, кез-келген есептеулер, сауалнамалар және тағы басқалар);

қорытынды (егер мәселе қаралған болса, онда оны шешу мүмкіндігі);

әдебиеттер тізімі;

қосымшалар.

27. Белгіленген уақытта қарызын жоймаған курсанттар (осы аралық аттестаттау кезінде) ТЖМ білім беру ұйымы бастығының рұқсатымен келесі академиялық кезеңнің басына рұқсат беру рейтингінің бағасы бойынша қарызын жояды, үлгерімнің ағымдағы бақылау талаптарын орындайды, тапсыруға рұқсат алады және аралық аттестаттау аяқталған соң он жұмыс күні ішінде қорытынды бақылауды тапсырады. Пән бойынша қайтадан рұқсат беру рейтингінің оң бағасын алмаған курсанттар ТЖМ білім беру ұйымынан академиялық үлгерімегені үшін оқудан шығарылуы тиіс.

28. ТЖМ білім беру ұйымының бастығы кейбір жағдайларда (денсаулығына, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) курсантқа емтихандық сессияны мерзімінен бұрын жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат береді.

ТЖМ білім беру ұйымының бастығына сырқаты туралы, бала тууына, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты, қызметтік қажеттілікті растайтын анықтамалар тапсырылған кезде емтихандық сессияны жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат беріледі.

29. Қашықтықтан оқытуды пайдаланумен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын курсанттардың пәндері бойынша емтиханға жіберу оқытудың күндізгі нысанының курсанттарын емтиханға жіберу тәртібіне ұқсас жүзеге асырылады.

30. Емтихандар ауызша, жазбаша, тест немесе аралас нысанда өткізіледі. Ауызша нысан кезінде бір күнде екі немесе одан көп емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді. Тест нысаны кезінде бейіндік және мәндес принципін сақтай отырып, екі немесе одан да көп пән бойынша кешенді емтихан белгілеуге рұқсат етіледі.

31. Әрбір оқу пәні бойынша емтиханды өткізу нысандары мен тәртібін ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесі академиялық кезең басталғаннан бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірмей белгілейді.

32. Ауызша емтихан кезінде курсантқа анықтамалық әдебиетті қолдануға рұқсат берілді. Емтихандарда пайдалануға рұқсат етілген анықтамалық материалдардың тізімі

(құрылыс нормалары, құрылыс ережелері, Техникалық регламенттер, кестелер, схемалар, карталар, нормативтік құқықтық актілер және тағы басқалар) кафедра бастығының ұсынысы бойынша ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен бекітіледі.

33. Қорытынды бақылау өткізу үшін білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі емтихан қабылдаушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды бақылау ведомосін (бұдан әрі – қорытынды ведомость) береді, онда курсанттың академиялық кезеңде жинаған балдары мен рұқсат ету рейтингі көрсетілген бағалары қойылады.

Аралық аттестаттау өткізу қорытындысы бойынша білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық қорытынды ведомосін қалыптастырады.

34. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттау өткізу кезінде емтиханда алған бағасы мен академиялық кезең ішіндегі үлгерімінің ағымдағы бақылау бағасының орташа балы есептеледі.

35. Емтиханда курсанттардың үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

36. Әрбір пән бойынша емтихан аяқталған соң курсантқа оның оқу жетістіктерінің бағасы болып табылатын қорытынды баға қойылады.

37. Пәннің қорытынды бағасына рұқсат ету рейтингі және қорытынды бақылау бағалары кіреді.

Оқу үлгерімін ағымдағы бақылау бағасы (рейтингі) пән бойынша білімінің қорытынды бағасының 60 %-ын құрайды және емтихан бағасы пән бойынша білімінің қорытынды бағасының 40 %-ын құрайды.

38. Оң қорытынды баға тиісті пән бойынша кредит санымен белгіленген игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болып табылады, курсанттың транскрипіне жазылады.

39. Егер курсант қорытынды бақылау (емтихан) бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда пән бойынша қорытынды баға есептелмейді, бірақ транскриптке FX және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

40. Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны арттыру мақсатында аралық аттестацияның осы кезеңінде қайта тапсыру үшін курсант келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін ТЖМ білім беру ұйымы бастығының рұқсатымен оқытушының басшылығымен жеке зерделейді, үлгерімнің ағымдағы бақылауының барлық талаптарын орындайды, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады. Оған қоса курсантқа бір академиялық кезеңде оң бағаны арттыру мақсатында бір пән бойынша қорытынды бақылауды қайта тапсыруға рұқсат беріледі, бірақ барлық оқу кезеңі бойынша үш пәннен артық болмауы тиіс.

41. Қорытынды бақылау ведомосі білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесіне тапсырылады, ол барлық курсанттардың бүкіл оқу кезеңіндегі кредиттер санын есептеумен және жинақтаумен айналысады.

Емтихан ведомосін білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі одан әрі тиісті факультетке береді.

42. Курсанттарды оқытудың барлық нысандарына бірдей пәндер, сондай-ақ оқытудың қосымша түрлерінің пәндері бойынша және жұмыс және жеке оқу жоспарына және бекітілген оқу бағдарламаларына (силлабус) сәйкес курсанттар барлық емтихандарды тапсырады оларды тапсыру нәтижелеріне қорытынды ведомоске , сынақ кітапшасына және транскриптке жазылады.

43. Бір пән бойынша "қанағаттанарлықсыз" ("FX" және "F" бағаларына сәйкес) деген бағаны қайта тапсыруға екі рет рұқсат беріледі: бірінші қайта тапсыру кезінде емтиханды өткізудің бастапқы бекітілген түрі сақталады; екінші қайта тапсыру комиссиялық емтихан түрінде жүзеге асырылады. Комиссия құрамы кафедра бастығының ұсынымы бойынша ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен тағайындалады. Бұл ретте, комиссиялық емтихан қабылдау комиссиясының құрамына осы пәнге сәйкес біліктілігі бар, осы академиялық топта (топтамада) оқыту сабақтарын жүргізбеген жетекші профессорлар, доценттер, аға оқытушылар кіреді. Екінші қайта тапсыру қорытындысы бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған курсанттар академиялық үлгермеушілігі үшін оқудан шығарылады.

Курсанттар үшін емтиханды "қанағаттанарлықсыз" деген бағаны оң бағаға қайта тапсыру келесі академиялық кезеңге дейін аралық аттестация аяқталғаннан соң үш жұмыс күнінен кейін жүзеге асырылады.

44. Пән бағдарламасын толық көлемде орындаған курсант емтиханға келмеген жағдайда қорытынды бақылау ведомосына оның тегінің тұсына "келген жоқ" деген белгі қойылады.

Дәлелді себеп болған жағдайда курсантқа емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді.

Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "қанағаттанарлықсыз" бағаға теңестіріледі, оны қайта тапсыру осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Курсанттың өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша болмауы дәлелді себептерге жатады, атап айтқанда:

курсанттың өзінің науқастануы себебінен, сондай-ақ науқас балаларды немесе отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерін күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағын ресімдеу;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға қатысу;

сот отырыстарына немесе әртүрлі жедел-тергеу іс-шараларына куә ретінде қатысу;

қайтыс болған жақын туыстарын жерлеу;
қызметтік қажеттілікке байланысты ТЖМ білім беру ұйымының гарнизон шегінен тыс іссапарға жіберу;

Дәлелді себептер ақтау құжаттарымен, атап айтқанда:

ем парағымен;

медициналық анықтамамен;

сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын соттан, органнан келіп түскен шақыру қағазымен;

іссапарға жіберу туралы бұйрықпен расталады.

Емтиханға курсант оны тапсыру үшін бөлінген жартысынан аспайтын уақытқа кешігіп қалған жағдайда, ол оны тапсыруға жіберіледі. Бұл ретте жауап дайындау үшін уақыт курсантқа толық көлемде беріледі.

Егер емтиханға кешігу оны тапсыруға бөлінген уақыттың жартысынан асса, курсант емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін келесі жұмыс күні осы емтиханды тапсыруға жіберіледі.

45. Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін курсант емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция береді.

46. ТЖМ білім беру ұйымының бастығының бұйрығымен емтихандық сессия (аралық аттестаттау) кезеңіне біліктілігі апелляцияланатын пәндерді бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

47. Апелляция нәтижелері негізгі емтихан ведомосына қоса берілетін апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қоятын курсантқа жеке толтырылатын қорытынды ведомосте көрсетіледі.

48. Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшеі емтихан сессияларының қорытындысы бойынша курсанттың білім деңгейінің орташа таразыланған бағасы болатын көшіру балын есептейді.

49. Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының қорытындысы негізінде курсанттарды курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады.

50. Курстан курсқа көшіру үшін ең төменгі көшіру балының мәнін ТЖМ білім беру ұйымы оқу курстар бойынша дербес белгілейді.

51. Ең төменгі көшіру балын алған курсант факультет бастығының ұсынымы негізінде ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

52. Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген ең төменгі көшіру балы деңгейін жинамаған курсантқа өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін пәндерді (мемлекеттік емтихан тапсырылатын "Қазақстан тарихы" пәнінен басқа) белгіленген тәртіппен өздігінен зерделеуге және жеке кесте бойынша сол пәндерден емтиханды қайта тапсыруына мүмкіндік беріледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Қайта тапсырылған емтиханнан қанағаттанарлық нәтиже алған жағдайда қорытынды баға қайта есептеледі, ол емтихан ведомосіне, сынақ кітапшасына және транскриптке жазылады.

Оқу үлгерімінің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалары есептеледі.

54. Емтиханды қайта тапсырғаннан кейін ең төменгі көшіру балын (GPA) жинай алмаған курсант академиялық үлгермеушілігі үшін ТЖМ білім беру ұйымынан шығарылады.

55. Емтихан нәтижелері және оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін кафедра, факультет (институт) отырыстарында, ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми-әдістемелік кеңесінде талқылауға ұсынылады.

56. ТЖМ білім беру ұйымынан шығарылған курсантқа оқытылған пәндер (және/немесе модульдер) мен алынған қорытынды бағалар жазылған транскрипт беріледі.

Параграф 2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымында білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу тәртібі

57. ТЖМ білім беру ұйымында магистранттар мен докторанттарды аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және емтихан тапсыру нысанындағы білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

58. Аралық аттестаттаудың кезеңділігі мен ұзақтығы ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесі бекіткен білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

59. Емтихандар кестеге сәйкес аралық аттестаттау кезінде тапсырылады.

60. Емтихандардың кестесін жасау тиісті бөлімшелермен бірлесіп, білім беру сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесіне жүктеледі.

61. Емтихан кестесін ТЖМ білім беру ұйымы бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітеді және емтихан сессиясы басталғанға дейін он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей магистранттардың, докторанттардың және оқытушылардың назарына жеткізіледі.

62. Емтиханға жіберу нақты пәндер бойынша рұқсат ету рейтингі бағасы анықталатын үлгерімнің ағымдағы бақылау бағасы негізінде жүзеге асырылады.

63. Осы пән бойынша рұқсат ету рейтингінен оң баға алмаған докторанттар мен магистранттар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді.

Курстық жұмысты (жоба) тапсырмаған магистранттар мен докторанттар тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

64. ТЖМ білім беру ұйымының бастығы жекелеген жағдайларда (сырқатына, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) магистрантқа немесе докторантқа емтихан сессиясын жеке кесте бойынша мерзімінен бұрын тапсыруға рұқсат етеді

Жеке кесте бойынша емтихан сессиясын тапсыру ТЖМ білім беру ұйымы бастығының атына жазылған баянатқа сырқаты, бала тууына, жақын туыстарының қайтыс болуына, қызметтік жағдайларға байланысты жағдайларды растайтын анықтамалар қоса тапсырылған жағдайда беріледі.

65. Емтихандық сессия (аралық аттестаттау) кезеңіне ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен апелляцияланатын пән бейініне сай біліктілігі бар оқытушылардан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

66. Емтихандар ауызша, жазбаша, тест немесе аралас нысандарда өткізіледі.

Емтихан тест нысанында тапсырылған кезде пәндердің бейіні мен ұқсастығы принципін сақтай отырып, екі және одан көп пәндер бойынша кешенді емтихан белгілеуге рұқсат етіледі.

67. Емтиханды өткізу тәртібі мен нысанын әрбір оқу пәні бойынша академиялық кезең басталардан отыз жұмыс күнінен кешіктірмей ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесі белгілейді.

68. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттау өткізу кезінде академиялық кезеңдегі емтиханнан алған бағасы мен ағымдағы бақылаудан (рейтинг бағасы) алған орташа балы ескеріледі.

69. Әрбір пән бойынша емтихан аяқталғаннан кейін магистрант пен докторантқа қорытынды баға ТЖМ білім беру ұйымының курсанттарына белгіленген тәртіппен қойылады.

70. Қорытынды ведомость барлық оқу кезеңі бойынша магистранттарға және докторанттарға жинаған кредиттер санын есептеумен айналысатын білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесіне тапсырылады.

Әр оқу пәнінің қорытынды бақылау ведомосі негізінде аралық аттестаттау бойынша бекітілген түрде қорытынды жинақ ведомосі толтырылады.

Кейіннен білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі қорытынды ведомосі тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімшесіне тапсырады.

71. Магистранттар мен докторанттар барлық емтихандарды жұмыс жоспарына, жеке оқу жоспарына және оқу бағдарламаларына (силлабусына, сондай-ақ нәтижелері қорытынды ведомоске және транскриптке жазылатын оқытудың қосымша түрлерінің пәндері бойынша) сәйкес тапсырады.

72. "Қанағаттанарлықсыз" бағаны оң бағаға қайта тапсыру үшін білім алушы академиялық кезеңді аяқтағаннан кейін оқу пәнін өздігінен оқып, емтиханға рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

"Қанағаттанарлықсыз" бағасын бір реттен артық қайта тапсыруға жол берілмейді.

73. Қорытынды бақылаудан алынған қанағаттанарлық бағаны жоғарылату үшін емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

74. Қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген магистрант пен докторант емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

Апелляция өткізу үшін осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляция нәтижелері магистрантқа (докторантқа) жеке толтырылатын апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қоятын қорытынды ведомосте көрсетіледі, ол негізгі емтихан ведомосына қоса беріледі.

75. Пән бағдарламасын толық орындаған магистрант пен докторант емтиханға келмеген жағдайда қорытынды ведомосіндегі оның тұсына "келген жоқ" деген белгі қойылады.

Дәлелді себептер болған жағдайда (сырқатына, отбасылық немесе қызметтік жағдайына байланысты) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімшесінің бастығы емтихан тапсырудың жеке кестесін бекітеді. Дәлелді себептер болмаған жағдайда емтиханға келмеу "қанағаттанарлықсыз" деген бағаға теңестіріледі, оны қайта тапсыру осы Қағидалардың 72-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

76. Транскриптке магистрант пен докторанттың барлық қорытынды бағалары қайта тапсырылған емтихан нәтижелерімен қоса жазылады.

77. Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихандық сессиялар қорытындысының негізінде ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен магистранттарды мен докторанттарды курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады. Осы мақсатта ТЖМ білім беру ұйымы көшіру балы белгіленеді.

78. Емтихан нәтижелері және емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін оқу процесін жақсарту жөніндегі ұсыныстары кафедра, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімшелері және ТЖМ білім беру ұйымының кеңестерінің отырыстарында талқылауға шығарылады.

79. ТЖМ білім беру ұйымынан шығарылған магистрантқа және докторантқа оқытылған пәндер (модуль) мен бағалары жазылған транскрипт беріледі.

3-параграф. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. "Қазақстан тарихы" бойынша мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде өткізіледі.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. ТЖМ білім беру ұйымының курсанттары бакалавриат білім беру бағдарламасындағы "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқып, аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Жеделдетіліп оқытатын техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі білім беру) білім базасындағы қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша білім алатын курсанттар "Қазақстан тарихы" пәнін зерделейді және осы пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Жеделдетіліп оқытатын қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша жоғары білім базасында білім алатын курсанттар "Қазақстан тарихы" пәнін оқымайды және мемлекеттік емтихан тапсырмайды.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Мемлекеттік емтиханға дайындықты факультетпен және мониторинг және білім сапасын бақылау (бағалау) бөлімшесімен бірлесе отырып, "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша сабақ жүргізетін кафедра (бұдан әрі – кафедра) өткізеді.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра оқудың барлық нысаны мен мамандықтары үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру ауызша, жазбаша және тест нысанында жүзеге асырылады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Мемлекеттік емтиханды өткізу нысаны ТЖМ білім беру ұйымы ғылыми кеңесінің шешімімен дербес анықталады.

88. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін факультеттің (институт) ұсынымы бойынша құрамында төрағасы мен комиссия мүшелері бар Мемлекеттік емтихан комиссиясы (бұдан әрі – МЕК) күнтізбелік жылға құрылады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. МЕК төрағасының кандидатурасы туралы ақпарат ағымдағы оқу жылының 1 қарашасынан кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігіне (бұдан әрі – ТЖМ) жіберіледі.

90. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша МЕК төрағасы ағымдағы оқу жылының 1 желтоқсаннан кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Жоғары білікті оқытушылардан тұратын МЕК құрамы ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен бекітіледі.

92. МЕК отырыстарының кестесін білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшеі академиялық күнтізбеге сәйкес жасайды және оны ТЖМ білім беру ұйымының бастығы мемлекеттік емтихан басталардан екі апта бұрын бекітеді.

93. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспайды.

94. МЕК отырыстары осы Қағидаларға 6 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен (бұдан әрі- МЕК отырысының хаттамасы) әрбір курсантқа ресімделеді және оған отырысқа қатысқан Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. МЕК отырысының хаттамасын осы пән бойынша сабақ беретін кафедраның профессорлық-оқытушы құрамы қатарынан тағайындалған хатшы жүргізеді.

96. МЕК отырысының хаттамалары мемлекеттік емтихан басталғанға дейін А4 форматында түптеліп, нөмірленіп, бумаланады және мөрімен бекітіледі.

97. Егер курсант МЕК отырысына келмесе, хаттамада оның тегінің тұсына "келген жоқ" деген жазу жазылады.

Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болған жағдайда, осы курсантқа факультет бастығының өкімімен мемлекеттік емтихан тапсыруға жеке кесте бекітіледі. Мемлекеттік емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" деген бағаға теңестіріледі.

98. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МЕК отырысының хаттамасы қайта ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы нәтижелер " ____ " беттегі _____ баға № _____ хаттамамен қайта қаралды" деген жазумен жойылады және оған қатысқан МЕК мүшелері қол қояды.

99. Мемлекеттік емтихан нәтижелері курсанттардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады.

100. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша курсанттарға рұқсат беру рейтингін бағалау және мемлекеттік емтиханды бағалау ескеріле отырып қорытынды баға қойылады. Бұл ретте рұқсат беру рейтингін бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 60% құрайды, ал мемлекеттік емтиханды бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 40% құрайды.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Курсант "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда, ол академиялық үлгермеушілігі үшін ТЖМ білім беру ұйымынан шығарылады.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан алған оң бағаны көтеру үшін қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Мемлекеттік емтихан қорытындысымен келіспеген курсант, МЕК өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция береді.

104. Апелляция өткізу үшін ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен осы пән бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан "Қазақстан тарихы" пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады және төраға тағайындалады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. МЕК жұмысы аяқталғаннан кейін комиссия төрағасы осы Қағидаларға 7 – қосымшаға сәйкес "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері туралы есепті (бұдан әрі-МЕК есебі) жасайды, ол ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі және ТЖМ-ге ұсынылады.

Бұл ретте қысқы емтихан сессиясына тапсырылған "Қазақстан тарихы" пәні бойынша МЕК есептері 1 наурыздан кешіктірілмей және жазғы емтихан сессиясына тапсырылған есептер 1 тамыздан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4 тарау. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі білім беру ұйымының білім алушыларын қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі Параграф 1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

106. ТЖМ білім беру ұйымында курсанттардың қорытынды аттестаттауы МЖБС белгіленген нысандарда өткізіледі, олардың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламасының (мамандықтардың) жұмыс оқу жоспарында көзделген.

107. ТЖМ білім беру ұйымдары курсанттың білім деңгейін, оқу нәтижелерін және зерттеу-аналитикалық мүмкіндіктерін, теориялық дайырлығын ескере отырып, өздігінен оған қорытынды аттестаттау түрін айқындайды: дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, кешенді мемлекеттік емтихан және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан дайындау және тапсыру нысанында не кешенді мемлекеттік емтихан, екі базалық және (немесе) бейіндеуші пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан тапсыру нысанында өткізіледі.

108. Мемлекеттік емтихан пәндерінің тізбесі бітіртіп шығарушы кафедра ұсынымының негізінде ТЖМ білім беру мекемесінің ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

109. Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес білім алу процесін толық аяқтаған курсанттар жіберіледі.

110. Білім алу процесін аяқтаудың негізгі өлшемшарты курсанттың МЖБС талаптарына сәйкес оқытудың теориялық курсы мен кәсіби практикалардың қажетті көлемін меңгеруі болып табылады.

111. Жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған жағдайда бітіруші курстың курсанттары ТЖМ білім беру ұйымынан шығарылады.

112. ТЖМ білім беру ұйымының бастықтары білім беру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарға (дипломдар мен қосымшалар) ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін болжамды бітірушілер саны бойынша өтінім ұсынады.

113. Курсанттарды қорытынды аттестаттау үшін оқытудың барлық нысандары үшін әр бір білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – МАК) құрылады.

114. Курсанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей факультет (институт) бастығы бекіткен курсанттардың тізімдік құрамы бойынша осы Қағидалардың 109-тармағының негізінде МАК-қа ұсынылады.

115. Курсанттарды қорытынды аттестаттаудан өткізу басталғанға дейін МАК-қа факультет (институт) бастығының білім алушының жұмыс оқу жоспарын орындағаны туралы, оның барлық пәндер бойынша алған бағалары, олардың көлемі, тапсырған курстық жұмыстары (жобалары), кәсіби практикалардың түрлері мен GPA оқыту кезеңіндегі орта үлестік бағалау мөлшері туралы анықтамасы ұсынылады.

116. ТЖМ білім беру ұйымының бастықтары ағымдағы оқу жылының 1 қарашасына дейін ТЖМ-ге осы жоғары оқу орнында жұмыс істемейтін, ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі бар профессорлар, доценттер мен оқытушылар арасынан, бітіріп шығарылатын мамандардың бейініне сәйкес келетін азаматтық қорғау органдарының жоғары білікті мамандары қатарынан МАК төрағаларының кандидатураларын ұсынады.

117. МАК жұмысына қатысушы мамандардың бейіні арнайы ғылыми дәрежесі, дәрежесі немесе базалық білімінің (диплом бойынша) сәйкестігімен анықталады. Ұсынымға ғылыми дәрежесі, дәрежесі немесе базалық білімі туралы құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

118. МАК төрағасы ағымдағы оқу жылының 20 желтоқсанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен күнтізбелік жылға бекітіледі.

119. МАК құрамына оның мүшелерінің құқығымен факультет бастығы және бітіртіп шығарушы кафедраның бастығы кіреді.

МАК-тың қалған мүшелері бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

120. МАК-тың сандық құрамын мамандық бойынша бітіріп шығатын курсанттардың контингентіне сәйкес жоғары оқу орны өздігінен белгілейді және ТЖМ

білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен жыл сайын 31 желтоқсаннан кешіктірмей бекітіледі және ол күнтізбелік жыл бойына жарамды болады.

121. МАК-тың құзыретіне:

- 1) бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығының, бекітілген білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігі деңгейін тексеру;
- 2) сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін беруі;
- 3) жоғары білім туралы диплом беру туралы шешім қабылдау;
- 4) азаматтық қорғау органдары үшін мамандар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу кіреді.

122. МАК жұмысының кестесін білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі әзірлейді, оны ТЖМ білім беру ұйымның бастығы бекітеді және МАК жұмысы басталардан екі апта бұрын көпшіліктің назарына жеткізіледі.

123. МАК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Бұл ретте мемлекеттік емтиханды тапсыруға күніне 12-15 адам, ал диплом жұмысын қорғауға 7-10 адам жіберіледі.

124. Тестілеу нысаны кезінде мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру академиялық лекке (немесе топқа) өткізіледі.

125. Диплом жұмысын (жобаны) қорғаудың басталуына бес жұмыс күні қалғанда МАК-қа мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) диплом жұмысының (жобаның) ғылыми жетекшісінің "қорғауға жіберіледі" немесе "қорғауға жіберілмейді" деген дәлелді қорытындысы бар пікірі;
- 2) диплом жұмысына резенция, онда диплом жұмысын (жобаны) қорғауға ұсынылған жан-жақты мінездемесі және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаны және тиісті білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша "бакалавр" дәрежесін және/немесе біліктілігін беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелденген қорытындысы беріледі.

126. Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) плагиат мәніне тексеруді тиісті кафедралар жүргізеді.

127. МАК-қа сондай-ақ орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жұмысының (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми зерттеудің нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, жобалар, материалдар үлгілері, бұйымдар және тағы басқалары ұсынылады.

128. Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс (жоба) бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болған кезде курсант диплом жұмысын (жобасын) қорғайды.

Ғылыми жетекшінің "қорғауға жіберілмейді" деген теріс қорытындысын алған кезде, курсант дипломдық жұмысты (жобаны) қорғай алмайды, және де қорытынды

аттестаттау өтпеген тұлға болып саналады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудан қайта өту осы Қағидалардың 152 және 154-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

129. Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың мамандары ғана жүзеге асырады.

130. Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі ТЖМ білім беру ұйымының бастығының бұйрығымен тақырыбын көрсете отырып, әр курсантқа дербес бекітіледі

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) рецензенттері ТЖМ білім беру ұйымының бастығының бұйрығымен жұмыс орнын, атқаратын лауазымы мен білімін (ғылыми дәрежесі мамандығы бойынша дәрежесі, жоғары білімі туралы дипломы бойынша базалық білімі) көрсетіліп, бітіртуші кафедра бастығының ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

131. Мемлекеттік емтихандар (кешенді немесе бейінді пәндер, "Дене шынықтыру" пәні бойынша) оқытылған білім беру бағдарламалары көлемінде ауызша, жазбаша, тестілеу (кешенді тестілеу), практикалық нормаларды тапсыру түрінде өткізіледі.

Мемлекеттік емтихан бағдарламалары ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

132. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Екі базалық және/немесе бейіндік пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар оқу жұмыс бағдарламаларына және білім беру бағдарламасына сәйкес өткізіледі.

134. Мемлекеттік емтиханның тестік нысаны кезінде ТЖМ білім беру ұйымы тест тапсырмаларын және олардың түрлерін (ашық, жабық, аралас), тестілеуді өткізу технологиясын дербес әзірлейді және бекітеді.

135. Диплом жұмысын қорғау МАК-тың ашық отырысында оның мүшелерінің жартысынан көбінің қатысуымен қорғалады.

136. Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы бір курсантқа 50 минуттан аспауы керек. курсант МАК алдында дипломдық жұмысын қорғауға арналған баяндамасымен 15 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

137. Мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері бойынша баға курсанттардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша қойылады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтары, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлері назарға алынады.

138. Мемлекеттік емтихан тапсыру және диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері олар өткізілген күні МАК отырысының хаттамасына қол қойылған соң жарияланады.

139. МАК отырыстарының хаттамалары осы Қағидаларға 8, 9 және 10 қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ресімделеді.

МАК отырысының хаттамалары А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және ТЖМ білім беру ұйымы факультетінің (институт) мөрімен бекітіледі.

140. МАК отырысының хаттамалары әр курсантқа жеке толтырылады. Мемлекеттік емтихан тест нысанында өткізілген жағдайда хаттама ресімдеу үшін қорытынды ведомосі негіз болып табылады.

141. Хаттаманы бітіруші кафедраның қызметкерлері (әскери қызметшілері) қатарынан комиссия құрамында бекітілген МАК хатшысы толтырады.

Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

142. Хаттамаға мемлекеттік емтихандарда және диплом жұмысын (жобасын) қорғауда анықталған білімінің бағалары енгізіледі, сондай-ақ берілген сұрақтар мен МАК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер МАК-тың бір мүшесінің пікірі комиссияның қалған мүшелерінің пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, ол өз пікірін хаттамаға жазады және өзі қол қояды.

Хаттамада "бакалавр" дәрежесі, сондай-ақ оқуын аяқтаған курсантқа мемлекеттік үлгідегі қандай диплом (үздік немесе үздік емес) берілетіні көрсетіледі.

143. Мемлекеттік емтихандардың, диплом жұмысын (жобасын) қорғау бағалары туралы, сондай-ақ дәрежесі мен мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешім МАК мүшелерінің отырысына қатысушылардың көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

144. Хаттамаға МАК-тың төрағасы мен отырысқа қатысқан мүшелері қол қояды.

145. Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген білім алушы МАК төрағасының атына баянат жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және МАК төрағасының рұқсатымен емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) МАК-тың басқа отырысы болған күні қорғайды.

146. Курсант қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей апелляция бере алады.

147. Апелляцияны өткізу үшін ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен біліктілігі мамандық бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

Комиссия төраға мен комиссия мүшелерінің құрамында құрылады, дауыстар саны тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Апелляцияны өткізу рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды:

білім алушылардың өтініштерін қабылдау;

ақпаратты жинау және талдау;

апелляциялық комиссияның отырысы және материалдарды қарау;
апелляциялық өтініш бойынша шешім қабылдау;
апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын ресімдеу;
білім алушылардың оқу жетістіктері тарихына өзгерістер енгізу;
білім алушыларды апелляция нәтижелері туралы хабардар ету.

Апелляциялық комиссия келіп түскен сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде өтініштерді қарайды және қорытынды аттестаттау емтихандарының нәтижелері туралы шешім қабылдайды.

148. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МАК отырысының хаттамасы қайта ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды "___" беттегі _____ деген баға № ___ хаттамамен қайта қаралды" деген жазумен жойылады және оған МАК-тың қатысушы барлық мүшелері қол қояды.

149. Денсаулық жағдайы туралы МАК-қа ұсынылған құжаттар қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін қаралмайды.

150. Оң бағаны жоғарылату мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға және дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

151. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған курсанттарға мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға және/немесе диплом жұмысын (жобасын) қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде жол берілмейді.

152. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген курсанттар бір жыл өткеннен кейін, қорытынды аттестаттаудың басталуына он төрт жұмыс күні қалғанда ТЖМ білім беру ұйымы бастығының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш (еркін нысанда) жазады.

153. Қорытынды аттестаттауға қайта жіберу ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен ресімделеді.

154. Қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қорытынды аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

155. Осы емтихандарды тапсырмаған адамдар үшін мемлекеттік емтихандар қатарына енетін пәндер тізбесі курсанттарға теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен белгіленеді.

156. Қазақстан Республикасының "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 26-бабының 7-тармағына және Қазақстан Республикасының "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңының 9-бабының 8-тармағына сәйкес қорытынды аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған курсанттар ТЖМ білім беру ұйымынан "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: дипломдық жұмысты (жобаны) қорғамаған немесе "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: кешенді емтихан тапсырмаған" деп ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен шығарылады.

157. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен курсанттарға "бакалавр" дәрежесі және жоғары білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) және (немесе) дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement (диплома саплэмент)) тегін беріледі.

158. Мемлекеттік үлгідегі дипломды қосымшасымен бірге беру ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бітіру туралы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Бітіру туралы бұйрыққа курсанттардың қорытынды аттестаттауды аяқтаған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей МАК төрағасының ұсынымы негізінде ТЖМ білім беру ұйымының бастығы қол қояды.

159. ТЖМ білім беру ұйымының бастығы білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшеінің келісімі бойынша факультет (институт) бастығының ұсынымы негізінде қорытынды аттестаттаудан өтпеген курсанттарды оқудан шығару туралы бұйрық шығарады.

160. Дипломға қосымша олардың жеке жұмыс оқу жоспарында және МЖБС-да көзделген көлемде барлық пәндер, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), практика мен қорытынды аттестаттау нәтижелерінің түрлері бойынша курсанттар алған бағаларын сәйкес толтырылады.

Дипломға қосымшада әрбір оқу пәні бойынша көлемін академиялық кредиттермен және академиялық сағаттармен көрсетіле отырып білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалары жазылады.

161. Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А – "өте жақсы", В-, В, В+ – "жақсы" деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ кешенді емтихан және (немесе) диплом жұмысын (жобасын) А, А – "өте жақсы" деген бағаға тапсырған курсантқа үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

162. Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырған курсантқа осы Қағидалардың 161-тармағында көрсетілген талаптарға қарамастан үздік диплом берілмейді.

163. МАК-тың жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы мемлекеттік емтихандарды тапсыру және диплом жұмысын қорғау нәтижелері туралы есеп әзірлейді және он төрт жұмыс күні ішінде оны ТЖМ білім беру ұйымының бастығына тапсырады, ол ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

164. МАК төрағасының мемлекеттік емтихандарды тапсыру және диплом жұмысын қорғау нәтижелері туралы есебіне осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес түсіндірме жазба мен кестелер кіреді (бұдан әрі – МАК төрағасының есебі).

МАК төрағасы есебінің түсіндірме жазбасында:

1) ТЖМ білім беру ұйымында осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлаудың деңгейі;

2) диплом жұмыстарын (жоба), оның ішінде ТЖМ бөлімшелерінің тапсырысы бойынша орындалған диплом жұмыстарын (жобаларын) орындау сапасы;

3) диплом жұмысы (жобасы) тақырыптарының ғылымның, техниканың қазіргі заманғы жай күйіне және азаматтық қорғау органдарының практикалық қызметінің сұрау салуларының талабына сәйкестігі;

4) курсанттардың мемлекеттік емтихандарда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудағы кемшіліктер;

5) осы білім беру бағдарламасы (мамандандыру) бойынша кадрлар даярлау сапасын талдау;

6) ТЖМ білім беру ұйымында мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар көрсетіледі.

165. МАК төрағасының есебіне жоғары білім бағдарламасын оқып бітірген, ТЖМ білім беру ұйымының бастығы қол қойып, берілген дипломның нөмірі, тегі, аты, мамандығы, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілген ТЖМ білім беру ұйымын бітірушілердің тізімі қоса беріледі.

166. ТЖМ білім беру ұйымы курсанттарды қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде талқыланған және ғылыми кеңес отырысында бекітілген МАК төрағасының есебін ТЖМ-ге ұсынады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, білім беру ұйымының бастығы қол қойып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады, сонымен қатар ТЖМ білім беру ұйымының сайтында жарияланады.

Параграф 2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

167. ТЖМ білім беру ұйымында қорытынды аттестаттау көлемі өз бетінше анықталады, 12 кредиттен аспайды және білім беру ұйымымен-мен өз бетінше пәндер цикліне және басқа да қызметтер түрлеріне қайта бөле алады

ТЖМ білім беру ұйымында магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде кешенді мемлекеттік емтихан тапсыру және/немесе магистратураның білім беру бағдарламалары үшін және докторантураның білім беру бағдарламалары үшін диссертациялық жұмыс немесе талаптары "Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларымен көзделген мақалалар сериясы нысанында өткізіледі.

ТЖМ білім беру ұйымында магистранттардың теориялық дайындық деңгейін, оқу жетістіктерін, оқу нәтижелері мен зерттеу-талдау қабілеттерін ескере отырып, оларды қорытынды аттестаттаудың нысанын өзі айқындайды

Егер магистрлік диссертация (жоба) қорғау қорытындысы аттестаттауға шықпаған жағдайда, магистрлік диссертация (жоба) қорғауды өткізу тәртібін ТЖМ білім беру ұйымы өзі айқындайды.

Ескерту. 167-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Қорытынды аттестаттауға "Білім туралы" Заңының 5-1-бабының 4) тармақшасында көзделген құзыретке сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған магистранттар мен докторанттар жіберіледі.

Бірінші семестр ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Магистранттың ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы ғылыми кеңес шешімінің негізінде ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен бекітіледі.

ТЖМ білім беру ұйымында магистранттың ғылыми жетекшісі ғылым кандидаттары немесе докторлары немесе PhD докторлары, сондай-ақ кемінде 3 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар "магистр" дәрежесі немесе подполковниктен төмен емес әскери (арнайы) атағы бар немесе 8D12 "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" даярлау бағыты бойынша ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде кемінде 5 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын тиісті ғылым саласының білікті мамандары қатарынан тағайындалады.

Қажет болған жағдайда ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми консультанттар тағайындалады.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылыми жетекшілік кемінде 2 адам кеңес жүргізеді. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға "Ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD) немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі,

ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл болатын, 8D12 "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" кадрлар даярлау бағыты бойынша басылымдар ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген кемінде 7 ғылыми мақаласы бар тұлға ғылыми жетекшілігін жүзеге асырады.

Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестрде анықталып, ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

169. Жұмыс оқу бағдарламалары жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламаларын орындамаған бітіруші курстың магистранттары мен докторанттары қорытынды аттестаттауға жіберілмейді және академиялық үлгермеушілік үшін ТЖМ білім беру ұйымынан шығарылады.

170. Магистратура бағдарламасымен білім алатындардан қорытынды аттестаттау алу үшін ТЖМ білім беру ұйымы МАК құрады.

171. ТЖМ білім беру ұйымының бастығы МАК төрағасына кандидатураларды 1 қарашаға дейін ТЖМ-ге магистратура білім беру бағдарламасы бойынша – бітіртіп шығарылатын мамандардың бейініне сәйкес келетін ғылым кандидаты, докторы ғылыми дәрежесі, магистр, PhD докторы дәрежесі немесе ғылыми атағы бар болуы және ТЖМ осы білім беру ұйымында жұмыс істемейтін адамдардыұсынады.

172. Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша МАК құрамына кіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін кандидат, ғылым докторы, магистр, PhD докторы ғылыми дәрежесі бар адамдар кіреді (бейінді магистратура үшін мак құрамына шығарылатын мамандардың бейініне сәйкес келетін азаматтық қорғау органдарының жоғары білікті қызметкерлері (әскери қызметшілері) енгізіледі).

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

173. МАК-тың сандық құрамын ТЖМ білім беру ұйымы белгілейді, ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен 31 желтоқсаннан кешіктірілмей бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

174. Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен тізім бойынша бекітіліп, қорытынды аттестаттау басталардан 14 жұмыс күнінен бұрын бұрын МАК-қа тапсырылады.

175. Кешенді емтиханға магистратура оқу бағдарламасының бейінді пәндер циклының пәндері кіреді.

176. Кешенді емтихан мынадай нысандардың біреуі бойынша өткізіледі: бекітілген бағдарлама көлемінде ауызша, жазбаша, тестілеу.

177. Кешенді емтиханның бағдарламасын, оны өткізу нысанын және тапсырмалар мазмұнын осы кешенді емтиханға енген пәндерді оқу бағдарламасы негізінде ТЖМ білім беру ұйымы әзірлейді.

178. Магистрлік немесе докторлық бағдарламаларды іске асыратын ТЖМ білім беру ұйымдары тесттік тапсырманы, олардың түрлерін (ашық, жабық, аралас) және тестілеудің өткізілу технологиясын дербес әзірлейді.

179. Кешенді емтихан магистрлік диссертацияны қорғауға 30 жұмыс күні қалғанда қабылданады.

180. Кешенді емтихан нәтижелері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір магистрантқа жеке толтырылатын хаттамамен рәсімделеді.

Хаттаманы бітіруші кафедраның қызметкерлері (әскери қызметшілері) қатарынан комиссия құрамында бекітілген МАК хатшысы толтырады.

Ескерту. 180-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

181. Кешенді емтиханды тест нысанында өткізілген жағдайда қорытынды ведомость жеке хаттама негізі болып табылады.

182. Алынған оң бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

183. Кешенді емтиханның нәтижесімен келіспейтін магистрант емтихан өткізілгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

184. Апелляция өткізу үшін осы Қағидалардың 147-тармағына сәйкес апелляциялық комиссия құрылады.

185. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МАК отырысының хаттамасы рәсімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттаманың қорытындысы "___" беттегі баға _____ № _____ хаттамамен қайта қаралды" деген жазумен жойылады және оған қатысқан барлық МАК мүшелерінің қол қояды.

186. Кешенді емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен оқудан шығарылады және транскрипт беріледі.

187. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған адамдарға магистратурада сол академиялық кезеңдекешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

188. Кешенді емтихан тапсырған магистрант диссертациялық жұмысты қорғауға жіберіледі. Диссертация (жоба)қорғауға жіберу МАК төрағасының ұсынымы негізінде ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен рәсімделеді.

189. Магистрлік және докторлық диссертациялық жұмыстарды басқа авторлардың мәтінін алуға (плагиатқа диссертацияны тексеру) МЖМБС 32 және 84-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады. Бөтен материалды пайдалануды анықтау жүйесінде тексерілген магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар мемлекеттік Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығының базасында сақталады

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Тексеруден кейін докторанттардың диссертациялық жұмыстары сараптамадан өтеді. Осы мақсатта біліктілігі (ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі) қорғалатын диссертациялық жұмыстың бейініне сәйкес келетін диссертациялық кеңес мүшелерінің қатарынан сарапшы тағайындалады.

191. Магистрлік диссертацияларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Бұл ретте, күніне 6-8 магистрант қорғауға жіберіледі.

Магистрлік диссертацияларды қорғау МАК-тың ашық отырысында оның кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

Бір магистрлік диссертацияны қорғау ұзақытығы 50 минуттан аспауы қажет. Магистрант магистрлік диссертациясын қорғау үшін МАК-тың алдында 15 минуттық баяндамамен сөз сөйлейді.

192. Магистранттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауы МАК-тың отырысында жүзеге асырылады. Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

193. Магистрлік диссертацияны қорғау:

1) ғылыми жетекшінің оң пікірі;

2) ғылыми баспада диссертация тақырыбы бойынша кемінде 1 мақала немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми-педагогикалық конференцияларда сөйлеген сөзі;

3) ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелердің бір түрі (ғылыми және ғылыми-техникалық әзірleme);

4) бітіріп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);

5) қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес біліктілігі (ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі) бар бір рецензенттің рецензиясы болған кезде жүзеге асырылады. Мұнда диссертацияға жан-жақты сипаттама, және білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытындысы беріледі.

Ғылыми жетекші және/немесе бітіртуші кафедра тарапынан "қорғауға жіберілмейді" немесе "қорғауға ұсынуға болмайды" деген теріс қорытынды берілген жағдайда, магистрант магистрлік диссертациясын қорғамайды.

194. Магистрлік диссертацияны қарау нәтижесі бойынша МАК отырысының хаттамасы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір магистрант үшін жеке ресімделеді.

195. Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті оқу бағдарламасын меңгергенін растаған және магистрлік диссертацияны жариялы түрде қорғаған магистрантқа МАК-тың шешімімен магистрлік диссертациясын қорғаған тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесі беріледі және қосымшасымен бірге мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

МАК шешімі МАК отырысының хаттамасы бойынша осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір магистрант үшін жеке ресімделеді.

Ескерту. 195-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

196. Дипломға қосымша магистранттың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және оқу жұмыс жоспарында көзделген көлемде барлық пәндер бойынша бағаларына сәйкес жеке оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде толтырылады.

Дипломға қосымшада білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша әрбір оқу пәні бойынша кредиттер мен академиялық сағаттар көлемі көрсетілген соңғы бағалар жазылады.

197. Мемлекеттік үлгідегі дипломды қосымшасымен беру ТЖМ білім беру ұйымы бастығының бітіру туралы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Бітірту туралы бұйрықты магистранттарды қорытынды аттестаттау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей МАК төрағасының ұсынысы негізінде ТЖМ білім беру ұйымының бастығы бекітеді.

198. Сонымен қатар ТЖМ білім беру ұйымының бастығы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімшесі бастығының мониторинг және білім сапасын бақылау (бағалау) бөлімінің келісімі бар ұсынысы негізінде қорытынды аттестаттаудан өтпеген магистранттарды оқудан шығару туралы бұйрық шығарады.

Қорытынды аттестаттаудан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған магистрант "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) қорғай алмаған" немесе "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсыра алмаған" деп, Қазақстан Республикасының "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 26-бабының 7-тармағына, "Құқық қорғау қызметі туралы" 9-бабының 8-тармағына сәйкес ТЖМ білім беру ұйымынан оқудан шығарылады.

Бұл ретте магистранттарды оқудан шығару туралы бұйрықта "магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну" мен немесе "магистрлік диссертацияны қорғауға ұсынусыз" тұжырымы көрсетіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы мен меңгерген, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа келесі жылдары диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

Ескерту. 198-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

199. Магистранттарды қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін МАК төрағасы магистранттарды қорытынды аттестаттау нәтижелері мен кешенді емтихан тапсыру нәтижелері және диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижесі туралы есеп жасайды және оны 14 жұмыс күн мерзімінде ТЖМ білім беру ұйымының бастығына ұсынады

200. Магистранттарды қорытынды аттестаттаудың нәтижесі мен кешенді емтихан тапсыру нәтижелері және диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижесі туралы есепке осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес түсіндірме жазба мен кестелер кіреді.

Түсіндірме жазбада:

1) ТЖМ білім беру ұйымындағы білім беру бағдарламасы бойынша магистрлар дайындау деңгейі;

2) кешенді емтиханда анықталған магистранттың біліміне мінездеме;

3) осы білім беру бағдарламасы бойынша магистрларды даярлау сапасын талдау;

4) магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;

5) магистрлік диссертациялар тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және азаматтық қорғау органдарының практикалық қажеттілігінің сұранысына сәйкестігі;

6) магистрлік диссертацияларды орындаудың сапасы;

7) сараптама комиссиясы қорытындысының, ғылыми жетекшінің пікірінің, ресми оппоненттің рецензиясының сәйкестігі;

8) магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдар көрсетіледі.

201. Магистранттардың қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есепке МАК төрағасы қол қояды, ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

202. ТЖМ білім беру ұйымы магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде магистранттарды қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есепті ТЖМ білім беру ұйымының ғылыми кеңесінде талқылап және бекітіп ТЖМ-ге ұсынады.

203. МАК төрағасының есебіне ТЖМ білім беру ұйымының бастығы қол қойған дипломның нөмірі, мамандығы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілген магистратура бағдарламасын аяқтаған бітірушілердің тізімі қоса беріледі.

204. ТЖМ білім беру ұйымы докторантурада білім алушылардың қорытынды аттестаттауы аяқталғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде докторанттарды қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы бекітілген есепті ТЖМ-ге ұсынады.

205. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (

бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, ТЖМ білім беру ұйымының бастығы қол қойып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады, сонымен қатар ТЖМ білім беру ұйымының сайтында жарияланады.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы
бақылау, оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы
бақылау, оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

МЕЖЕЛІК БАҚЫЛАУ ВЕДОМОСІ

Факультет _____

_____ семестр _____
оқу жылы _____

Білім беру бағдарламасы:
" _____ "

оқу тобы _____
" _____ "

Пән _____

Өткізу күні _____

Академиялық кредиттер саны (сағаттар): _____

_____ Оқытушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

№	Б і л м алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).	Транскрипт нөмірі	Межелік бақылау			Таныстым
			пайызбен	балмен	Әріппен	
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						
...						

Мониторинг және білім сапасын бақылау
(бағалау) бөлімінің бастығы _____

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы
бақылау, оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Бекітемін
Факультет бастығы

Емтихандық сессияны тапсыруға жіберілген курсанттардың тізімі

Білім беру бағдарламасы:

" _____ "

_____ семестр _____

Пән: _____

оқу жылы _____

Академиялық кредиттер саны (сағаттар): _____

оқу тобы _____

министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
6-қосымша

Нысан

**"Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссия отырысының № ____
ХАТТАМАСЫ (әрбір білім алушыға толтырылады)**

**Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің
13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20__ жыл "___" _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін

Қатысқандар: Мемлекеттік емтихан комиссиясының

төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы,

_____ (ұйымының атауы, атқаратын лауазымы)

Комиссия мүшелері:

_____ "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру туралы

1. Білім алушы _____ емтихан тапсыруы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мамандығы)

2. Сұрақтар: (тестілеу нысанында емтихан өткізу кезінде хаттамаға білім алушы орындаған тест тапсырмасы қоса беріледі)

3. Білім алушы _____ (тегі, аты-жөні)

рұқсат беру рейтингі _____

(балдық-рейтингі әріптік жүйесі бойынша рұқсат беру рейтингі)

4. Білім алушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

"Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды

_____ бағамен тапсырды деп танылсын

(әріптік жүйедегі балдық-рейтингі бойынша рейтингі көрсетілсін)

5. Білім алушының _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

"Қазақстан тарихы" пәні бойынша қорытынды бағасы _____

(балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы көрсетілсін)

6. Мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы
бақылау, оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
7-қосымша

Нысан

_____ оқу жылына "Қазақстан тарихы" пәні
бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелері туралы есеп

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің
13.10.2023 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қорытынды аттестаттаудың нысаны	Қорытынды аттестацияға жіберілгендердің саны	Тапсырғандардың саны	Оның ішінде тапсырғандар:				Орташа балл	Келмегелер	% сапасы	Тапсырғандардың % оқу үлгерімі
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз				
"Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан										
Барлығы										

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың

үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының № ___ хаттамасы (әрбір білім алушыға толтырылады)

20 __ жыл " __ " _____ сағат ____ минуттан ____ сағат ____ минутқа дейін

Қатысқандар:

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы

Комиссия мүшелері:

пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру туралы

Білім алушы

_____ емтихан тапсыруы
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы)

Сұрақтар: (пәндер блогы бойынша тест нәтижелері)

1. _____

2. _____

3. _____

1. Білім алушы _____

(тегі, ат-жөні)

мемлекеттік емтиханды _____

(пәннің, білім беру бағдарламасының атауы)

_____ бағамен

(балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша рейтингі көрсетілсін)

тапсырды деп танылсын.

2. Білім алушы _____ белгіленсін.

(тегі, аты-жөні)

3. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелерінің пікірлері (бар болған жағдайда

)

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
9-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының № _____ хаттамасы

20__ жыл " __ " _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін
Курсанттың дипломдық жұмысының (жоба) қарау бойынша

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы)

Тақырыбы: _____

Қатысқандар:

Төраға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мүшелері: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалды

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі)

Консультация кезінде

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі)

(жұмыс орны, атқарып отырған лауазымы)

рецензент

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі)

(жұмыс орны, атқарып отырған лауазымы)

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына мынадай материалдар ұсынылды:

1) есептік түсіндірме жазба немесе диплом жұмысының (жоба) мәтіні _____
парақта;

2) дипломдық жұмысына (жоба) кестелер, сызбалар _____ парақта;

3) диплом жұмысы (жоба) ғылыми жетекшісінің қорытындысы бар пікірі

_____ ;

("қорғауға жіберіледі" деп көрсетілсін)

4) диплом жұмысына (жоба) баға қойылған рецензия

(рецензенттің бағасы көрсетіледі)

Дипломдық жұмыстың (жобаның) орындалғаны туралы хабарламадан кейін _____ минут ішінде білім алушыға мынадай сұрақтар қойылды:

1. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақтар)

2. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақтар)

3. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақтар)

4. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақтар)

5. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақтар)

Білім алушының қойылған сұрақтарға берген жауабының жалпы сипаттамасы

Дипломдық жұмысты (жобаның) қорғау барысында білім алушы

(тегі, аты-жөні)

көрсетті

(жалпы теориялық және арнайы дайындық бойынша білім деңгейі қандай)

Білім алушы диплом жұмысы (жоба) орындады және мынадай бағамен қорғады деп танылсын

(білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы)

Комиссия мүшелерінің маңызды пікірлері

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
10-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының № _____ хаттамасы

20__ жыл " __ " _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін
дипломдық жұмысты (жобаны) және/немесе барлық мемлекеттік емтихандарды
тапсырған курсантқа "бакалавр" дәрежесін беру туралы.

Қатысқандар:

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Комиссия мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Білім алушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы(мамандығы) мынадай бағамен мемлекеттік емтиханды тапсырды және/немесе диплом жұмысын (жобаны) қорғады:

(пән атауы, дипломдық жұмыс (жоба), білімді бағалаудың

балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы, тапсыру уақыты)

Білім алушы білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша оқу жоспарында көзделген

барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырды және/немесе диплом жұмысын (жобаны)

қорғады деп танылсын.

Білім алушыға _____

(тегі, аты-жөні)

"бакалавр" дәрежесі _____ және/ немесе

Мамандық бойынша біліктілік _____

(код және білім беру бағдарламасы)

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері _____

Жоғары білім туралы диплом берілсін _____

(үздік, үздік емес)

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау

Нысан

1-кесте

_____ жылдағы мемлекеттік емтихандарды тапсыру және диплом жұмысын қорғау нәтижелері туралы есеп

Оқу нысаны _____

Білім беру бағдарламасы (мамандық) _____

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының атауы

Қорытынды аттестат таудың нысаны	Қорытынды аттестат тауға жіберілгендердің саны	Тапсырғандардың саны	Оның ішінде тапсырғандар:				Орташа балл	Келмегендер	% сапасы	Тапсырғандардың % оқу үлгерімі
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз				
_____ бойынша мемлекеттік емтихан										
_____ бойынша мемлекеттік емтихан										
_____ бойынша мемлекеттік емтихан										
_____ бойынша мемлекеттік емтихан										
Диплом жұмысын қорғау										
Барлығы										

_____ жылындағы түлектердің қорытынды аттестациясының жалпы нәтижелері

оқу нысаны _____

білім беру бағдарламасы (мамандық) _____

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының атауы

Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға жіберілгендердің саны	Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға келмегендердің саны	Қорытынды мемлекеттік аттестаттауды тапсырғандардың саны	Оның ішінде тапсырғандар:				Қанағаттанарлықсыз бағалғандар	Орташа балл
			Тек өте жақсы	Тек өте жақсы және жақсы	Аралас бағалар	Тек қанағаттанарлық		

3-кесте

Бітірушілердің салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есеп беру кезеңі
% сапасы		
% оқу үлгерімі		
орташа балл		

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
12-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының № _____ хаттамасы (білім алушыға жеке толтырылады)

20__ жыл " __ " _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін

Қатысқандар:

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Комиссия мүшелері

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан тапсыру туралы

Білім алушы _____ тапсырады

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(білім беру бағдарламасы)

Сұрақтар: (пән блоктары бойынша тестілеу нәтижелері)

1. _____

2. _____

3. _____

1. Білім алушы _____

(тегі, аты-жөні)

_____ кешенді емтиханды

(мамандық атауы)

_____ бағасымен

(баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағасы)

тапсырды деп танылсын

2. Білім алушы _____

(тегі, аты-жөні)

3. Мемлекеттік аттестаттау комиссия мүшелерінің маңызды пікірлері

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
13-қосымша

Нысан

Магистранттың магистрлік диссертациясын (жоба) қарау бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының отырысының № _____ хаттамасы

20__ жыл " ____ " _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін
Магистранттың магистерлік диссертациясын (жобаны) қарау бойынша

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы)

Тақырыбы: _____

Қатыстықандар:

Төраға _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мүшелері:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Магистрлік диссертация (жоба) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі)

_____ ғылыми басшылығымен орындалды

Консультация

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі)

_____ (жұмыс орны, атқарып отырған лауазымы)

Оппонент

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі)

_____ (жұмыс орны, атқарып отырған лауазымы)

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына мынадай материалдар ұсынылды:

- 1) магистерлік диссертация (жоба) _____ парақта;
- 2) магистерлік диссертацияға (жобаға) кестелер, сызбалар _____ парақта;
- 3) магистрлік диссертацияға (жобаға) ғылыми жетекшісінің қорытындысы бар пікірі _____ ;

_____ ("қорғауға жіберіледі" деп көрсетілсін)

4) _____

_____ (кафедра атауы және диссертация көпшілік алдында қорғауға

_____ туралы бітіртуші кафедраның шешімі;
_____ ұсынылады немесе ұсынылмайды деп көрсетілсін)

5) магистрлік диссертацияға (жобаға) (жобаның) бағасы қойылған пікір

_____ ;
(пікір берушінің бағасы көрсетіледі)

б) ресми емес пікірлер _____

Магистрлік диссертацияның (жобаның) орындалғаны туралы хабарламадан кейін _____ минут ішінде магистрантқа мынадай сұрақтар қойылды:

1. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қойылған сұрақтар)

2. _____

(комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қойылған сұрақтар)

Магистранттың қойылған сұрақтарға берген жауабының жалпы сипаттамасы

Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау барысында магистрант

(жалпы теориялық және арнайы дайындық бойынша білім деңгейі қандай)

_____ көрсетті

Магистрант магистерлік диссертацияны (жобаны) орындады

(білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы)

Комиссия мүшелерінің маңызды пікірлері _____

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу
орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы бақылау,
оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
14-қосымша

Нысан

Магистранттың магистрлік диссертациясын қарау бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының № _____ хаттамасы

20__ жыл " __ " _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін
"Магистр" дәрежесін тағайындау туралы

Қатысқандар:

Төраға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Магистрант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мамандық)

Кешенді емтиханды тапсырды және магистерлік диссертацияны (жобаны):

(кешенді емтихан, магистерлік диссертация, балл бойынша бағасы

_____ бағамен қорғады
білімді бағалаудың рейтингілік әріптік жүйесі, тапсыру күні)

Магистрант кешенді емтиханды тапсырды және магистерлік диссертацияны
(жобаны) қорғады деп танылсын.

Магистрантқа _____ тағайындалды

(тегі, аты-жөні)

"Магистр" дәрежесі _____

Білім беру бағдарламасы _____

(код және мамандық атауы)

Комиссия мүшелерінің маңызды пікірлері _____

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы дипломды беру.

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің арнаулы оқу

орнында білім алушылардың
үлгеріміне ағымдағы
бақылау, оларға аралық және
қорытынды аттестаттау
жүргізу қағидаларына
15-қосымша

Нысан

1-кесте

_____ жылындағы кешенді емтихан тапсырудың нәтижелері

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының
атауы _____

Білім беру бағдарламасы _____

Қорытынды аттестат таунысаны	Қорытынды аттестат тауға жіберілгендердің саны	Тапсырғандардың саны	Оның ішінде				Орташа балл	Келмегендер	% сапасы	Тапсырғандардың % үлгерімі
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз				
Кешенді емтихан										

2-кесте

_____ оқу жылындағы

_____ диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижесі
(магистрлік/докторлық)

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының
атауы _____

Білім беру бағдарламасы _____

Қорытынды аттестат таунысаны	Қорытынды аттестат тауға жіберілгендердің саны	Тапсырғандардың саны	Оның ішінде тапсырғандар:				Орташа балл	Келмегендер	% сапасы	Тапсырғандардың % үлгерімі
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз				
Диссертацияларды (жобаны) қорғау										

3-кесте

_____ жылғы бітірушілерді қорытынды аттестаттаудың жалпы нәтижелері

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының

атауы _____

Білім беру бағдарламасы _____

Қорытынды аттестаттауға жіберілген дердің саны	Қорытынды аттестаттауға келмегендердің саны	Қорытынды аттестаттауды тапсырғандардың саны	Оның ішінде тапсырғандар				Қанағаттанарлықсыз бағалғандар	Орташа балл
			Тек өте жақсы	Тек өте жақсы және жақсы	Аралас бағалар	Тек қанағаттанарлық		

4-кесте

Бітірушілерге салыстырмалы талдау

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есеп беру кезеңі
% сапасы		
% үлгерімі		
Орташа балл		